

Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2/4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 сәуірде № 6382-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Теміртау қалалық мәслихатының шешімдері күші жойылсын:

1) "Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 2/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3799 тіркелген);

2) "Теміртау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі 2 сессиясының № 2/5 "Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2019 жылғы 17 қазандағы № 44/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5516 тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Ломакин

Теміртау қалалық
мәслихатының
2023 жылғы 14 сәуірдегі
№ 2/4
шешіміне қосымша

Теміртау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,9
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,90

3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,70
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,60
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,2
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,008
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,4
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,28
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,30
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,02
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,02
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,025
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,025
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,42
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,5
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,20
19	Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,25

20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,10
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	0,40
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,20
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,33
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,50
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,20
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,40
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,11
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,006
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,20